

Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1986 жылғы 10 қазан N 18, Пленумның 1987 жылғы 2 қазандағы N 11 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2001.12.13. N 21 қаулысымен. ~P01021s.

Азаматтық істерді қарау практикасын талдап қорытуда республика соттарының істі қарауға әзірлеу жұмысында едәуір кемшіліктер бар екенін дәлелдейді. Көптеген істерге мұндай әзірлік жүргізілмеуде. Дауды шешерден бұрын судьялар істі сот мәжілісінде қарауға тағайындағанда кей жағдайларда талаптың негізін немесе талаптың өзін, тараптардың талаптары мен қарсылықтарын анықтамай және істі шешуге қажет дәлелдемелерді сұратып алмайды. Істі сотта қарауға әзірлеу туралы ұйғарулар көбінесе шығарылмайды, ал кейбір соттар оларды немқұрайды (формально) шығарады, істің шынайы мән-жайын және тараптардың праволары мен міндеттерін жан-жақты толық әрі әділетті түрде айқындау үшін қажет нақтылы әрекеттер көрсетілмейді.

Істі тиісті тәртіп бойынша әзірлемеу бірқатар жағдайда дауды алғашқы-ақ сот мәжілісінде шешуге мүмкіндік бермейді, істерді қарау кейінге қалдырылып, оларды қарау мерзімі бұзылады, ал кейде заңсыз және дәлелсіз шешімдер қабылданады.

Сот жұмысындағы бұл көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумы қаулы етеді:

1. Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу азаматтық процестің өзіндік дербес және міндетті сатысы, оның мақсаты істің уақытымен әрі дұрыс шешілуін қамтамасыз ететіндігіне соттардың назары аударылсын. Судья істі сотта қарауға әзірлеу әрекетін АІЖК-нің 142-бабына сәйкес арызды соттың өндірісіне қабылданғаннан кейін жүргізеді.

2. Істерді сотта қарауға әзірлік жүргізудің мақсаты мынада екендігі соттарға түсіндірілсін:

а) білдірілген талаптың сипатын, тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін фактілер, сондай-ақ істі дұрыс шешуде маңызы бар басқа да фактілерді анықтау;

б) тараптардың заңға байланысты қатынастарын және осы қатынастарды реттейтін заңды анықтау;

в) іске қатыстыруға мүмкін болатын адамдар құрамы мәселесін шешу;

г) істі шешуге қажетті дәлелдемелер көлемін және олардың уақытында ұсынылуын қамтамасыз етуді анықтау.

3. АІЖК-нің 142-бабына сәйкес сотта істі қарауға әзірлік туралы ұйғарым шығаруға міндетті. Ұйғарымда істі сот мәжілісінде қарауға дейін орындалуы қажетті, нақты әрекеттер көрсетілуі тиіс. Соттың шешімі немесе ұйғарымы бұзылып, істі бірінші инстанцияда қайтадан қарауға жібергенде, егер оған қосымша әзірлік жүргізу қажет болған жағдайда да осындай ұйғару шығарылуы керек.

Істі сотта қарауға әзірлеу барысында судья кемшіліктер байқайтын болса, ол оларды дереу толықтыру үшін қосымша әрекеттер жасап, тағы да ұйғарым шығаруы керек.

Сотта істі қарауға әзірлік жөніндегі ұйғарым, сондай-ақ әзірлеуге байланысты шығарылған басқа да ұйғарымдарға шағым арыз берілмейді, өйткені, бұлар істің әрі қарай жүру мүмкіндігіне кедергі болмайды (АІЖК-нің 316-бабы), ал заңда көрсетілген шағым арыз беруге болатын ұйғарымдарға, атап айтқанда, талаптың орындалуын қамтамасыз ету, дәлелдемелерді қамтамасыз ету, арызды алмау туралы ұйғарымдарға жеке шағым және наразылық берулеріне болады (АІЖК-нің 56, 140 статьялары).

Сотта істі қарауға әзірлік жүргізу мерзімі заңда көрсетілген (АІЖК-інің 106 ст.). Істі әзірлеу арызды қабылдаған күрделі істер бойынша судья әзірлеу мерзімін дәлелді ұйғарымымен жиырма күнге дейін ұзартуға праволы.

4. Істің мән-жайын әбден толық және объективті зерттеуді қамтамасыз ету үшін судья АІЖК-нің 142-бабына сәйкес іске қатысушы тараптарға олардың АІЖК-нің 23-бабында белгіленгендей праволары мен міндеттерін түсіндіруі керек, өйткені, сотта істі қарауға әзірлеу кезінде олар осы праволарды және міндеттерін пайдаланады.

5. Сотта істі қарауға әзірлегенде, судья талапкердің осы немесе басқа жауапкерлерге өзара байланысты талаптары бары-жоғын анықтауға міндетті. Егер мұндай бірнеше талаптар болатын болса, судья оларды бөліп немесе бірге қарауға қосу мүмкіндігі мәселесін қарауға тиісті (АІЖК-нің 128-бабы).

Бірнеше талаптарды бірге қосып қарау талаптардың түріне, олардың өзара және жалпы дәлелдемелері болуына байланысты барлық дау мәселелерін тезірек және дұрыс шешуге мүмкіндік беретін жағдайда орын алуы мүмкін.

Талаптарды бөлек қарау орынды болады, егер процесті қиындатпаса және біріктірілген бір немесе бірнеше талапқа қатысы жоқ адамдарды шақырып алуды қажет етпейтін болса. Талаптарды біріктіру немесе бөлу судьяның жеке ұйғарымымен жасалуға тиісті.

6. Жауапкердің талапқа қарсы еске алатындай қарсылық мәліметтері болатын болса, сотта іс қарауға әзірлік барысында оны судья шақырып алуы қажет.

Жауапкермен әңгімелесуде, оның қарсылықтарының мәнін анықтау іске маңызы бар дәлелдемелерді дәлелдеуге және сұратып алуға мүмкіндік береді. Бұл арада жауапкерге алғашқы қойылған талаппен бірге, қаралатын қарсы талап қоюға оның праволы екенін түсіндіру қажет (АІЖК-нің 31-бабы).

АІЖК-нің 132-бабында көрсетілген жағдай жоқтығына сүйеніп, қарсы талапты қабылдамау ұйғарымына шағым арыз беруге жатпайды, өйткені, ол өз алдына жеке талап қоюға кедергі болмайды.

7. Даулы қарым-қатынастардың түрін дәлірек анықтауға, істі шешуге маңызды мәні болатын басқа да мәселелерді айқындау үшін судья қажет деп санаса, талапкерді және жауапкерді өзіне бір мезгілде шақырып алуына болады.

Судья талаптардан сұрағанда, талапкер мен жауапкердің арасында бітім-келісімге келу мүмкіндігі бар-жоғын анықтауға тиісті. Бітім-келісім жасауға келіскен жағдайда бұл мәселені АІЖК-нің 164 бабына сәйкес сот мәжілісінде шешу керек. Мұндай келісім мүмкіндігі болмайтын болса, тараптарда пайда болған даудың қандай маңызды мәселелерінен келіспеушілік жоқ екенін (мысалы, бөлуге жататын мүлікті бағалауда) анықтау қажет. Сұраған кезде анықталған айқындықтар тараптардың қосымша арыздарымен бекімделеді.

8. Үшінші жақтарды іске қатыстыру немесе іске кірістіру мәселесін шешуде (АІЖК-нің 142-бабының тармағы) соттардың ескеретін жайы АІЖК-нің 27 бабына сәйкес дербес талаптар қоятын үшінші жақтарды судья іске қатысуға тарта алмайды, қажет деп тапса, олар өз инициативасымен іске кірісуге праволы.

Дербес талаптар қоймайтын үшінші жақтар судьяның немесе тараптардың инициативасымен талапкер немесе жауапкер жағында іске қатысуға тартылуы мүмкін (АІЖК-нің 28-бабы). АІЖК-нің 29 бабына сәйкес бұрынғы жұмысына қайта алу істеріне үшінші жақтар қатыстырылуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Сотта істі қарауға әзірлегенде, жұмыскерді көріне-көзге заңды бұза жұмыстан шығаруға немесе басқа жұмысқа ауыстыруға жарлық берген сол лауазымды адамды судья жауапкер жағына үшінші жақ ретінде іске қатыстырып, мәселені шешуге міндетті.

9. Егерде істі қарауға әзірлік үстінде судья, келтірілген шығынның жауапкер ретінде тартылған қызметкерлердің кінәсінен ғана емес, шаруашылық субъектісінің басқа да лауазымды тұлғасының кінәсінен болғандығы туралы мәліметке ие болса, судья осы лауазымды тұлғаны екінші жауапкер ретінде іске тартуы қажет.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1998.05.15. N 5 қаулысымен. P98005s_

10. Прокурордың іске қатысуы туралы мәселені шешуде (АІЖК-нің 142-бабы) еске алынатын жай, прокурор азаматтар мен ұйымдардың маңызды праволарына тиетін дауларды, сондай-ақ қоғамдық үлкен мәні бар күрделі істерді

қарағанда қатысқаны орынды. Бұнымен қатар, заңда көрсетілген жағдайда прокурор іске міндетті түрде қатыстырылады.

11. Судья істі сотта қарағанда, қоғамдық ұйым мен еңбек коллективтері өкілі қатысуы мәселесін (АЖК-нің 142-бабының 6 тармағы), даудың түрі мен қоғамдық маңызына байланысты шешеді. Егер қоғамдық өкілді қатыстыру орынды деп танылса судья тиісті қоғамдық ұйым мен еңбек коллективтеріне пайда болған дау туралы хабарлауға, мұндай хабардың мақсатын және іске қатысуға өкіл тағайындалатын болса оның өкілдігін қандай тәртіппен дайындау керек екенін түсіндіруге тиісті.

12. АЖК-інің 142-статьясының 7-тармағына сәйкес судья бар іс туралы және оны қарау уақыты туралы іске қатыстырылмайтын мүдделі мемлекеттік кәсіпорындарына, мекемелерге, ұйымдарға, колхозға, басқа кооперативтік ұйымдарға, немесе азаматқа хабарлауға тиісті.

Мұндай заңды правосы мен міндеттеріне сот шешімі әсер етуі (мысалы, завод қарамағына жататын тұрғын үйді) тұрғын үйді пайдалану правосы жөніндегі азаматтар арасындағы дау туралы/ мүмкін болатын азаматтар да, сондай-ақ мекемелерде жатады.

13. Сотта істі қайрауға әзірлік ретінде дәлелдемелерді жинауда судья сот құрамымен іс қарағанда АЖК нормаларын, атап айтқанда бұлар дәлелдемелердің іске керектігі мен іске жататындығы туралы АЖК-інің 51, 52 статьялары, жазба дәлелдемелерді сұратып алу және қарап көру туралы АЖК-інің 62 және 65 статьялары, айғақты дәлелдерді, оның ішінде тез бұзылатындарын да сұратып алу және қарау көру туралы АЖК-інің 68 және 71 статьяларын басшылыққа алуға тиісті.

Жазба дәлелдемелерді сақтаған жерінде қарап көру, оның ішінде тез бұзылатындарын да қарап көруде протокол жазылады.

Куәлардың жауабы, тараптар табыс ететін және олардың өтініші бойынша азаматтардан немесе ұйымдардан /АЖК-інің 142 ст. 8, 9 т./ сұратып алған жазба және айғақты дәлелдердің іске деген маңызы болуын ескере отырып, судья барлық жағдайда тараптарға бұл дәлелдемелерден нақ қандай мән-жай дәлелденетін көрсетуді ұсынып отыруға тиісті.

14. Істің дәлелдемелерін судья мәлімделінген талаптардың түрін және қатынастарды реттейтін заңды ескере отырып анықтайды. Азаматтық-праволық даулардың әрбір категориясына дәлелдемелер бар, бұларсыз сотта іс қарауға тағайындалмайды.

Мұндай дәлелдемелер, мысалы, мыналар:

а) әкімшіліктің инициативасымен жұмыстан шығарылған адамды бұрынғы жұмысына қайта алу істеріне мына документтер алдырылуы керек: жұмысқа алу, ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрық көшірмелері, кәсіподақ

комитеті мәжілісінің протоколы және жұмыстан шығаруға келісім бергені туралы қаулысы (комитеттің сайланған құрамын және мәжіліске қатысқан комитет мүшелерін көрсетсе), талапкердің орташа табысы туралы және егер лауазымды адам АІЖК-інің 29 статьясымен материалдық жауаптылыққа тартылатын болса оның жалақысы туралы анықтамалар, жұмыскерге оның жұмыстан босатылуы туралы бұйрық қолына берілгені жөнінде дәлелдеме.

Бұл дәлелдемелерден басқа - жұмыстан шығару негізіне байланысты сұратып алуға тиісті қосымша дәлелдемелер:

еңбек шартымен немесе ішкі еңбек тәртібі ережелерімен өзіне жүктелген міндеттерді дәлелсіз себептермен ұдайы орындамайтындығы үшін жұмыстан шығарылған адамды бұрынғы жұмысына қайта алу талаптары бойынша - тәртіптік немесе қоғамдық жазаға тартылғаны туралы документ /бұйрықтар, жолдастық соттың шешімі т.б. көшірмелері/, сондай-ақ бұл жазаларды беруге негіз болған материалдар /баяндау хаттар, түсініктемелер және т.б./;

жұмыскердің саны немесе штаттың қысқартылуы себебінен жұмыстан босатылған адамды бұрынғы жұмысына қайта алу туралы талаптар бойынша - жұмыскердің штатын немесе санын қысқарту жөніндегі документтер, штаттық кестеден үзінді көшірмелер /шығаруға дейін және кейін/, талапкерге өндірістік мінездеме, ЕТЗК-інің 34-статьясына сәйкес оған оны жұмыста қалдыруға право беруі мүмкін деректер бар материалдар, сондай-ақ талапкердің басқа жұмысқа ауыстыруды қабыл алмағанын растайтын немесе әкімшіліктің жұмыскерді оның келісімімен басқа жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі жоқ екенін дәлелдейтін дәлелдемелер;

б/ жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде кәсіпорындарға, мекемеге, ұйымға тигізген зияны өтеу туралы талаптарға - жауапкердің міндетті еңбек қызметін айқындайтын лауазымдық нұсқау, зиян келтіргені туралы фактыны растайтын дәлелдемелер, оның нақты мөлшері /бағалау ведомстволары, акттер, счет-фактура және т.б./, жауапкердің орташа айлық табысы, семья және материалдық жағдайы туралы анықтамалар. Зиянды толық мөлшерде өтеу талаптарға - жауапкердің өзіне толық материалдық жауаптылық алуы туралы жазба шарты, зиян келтіруде жұмыскердің іс-әрекетінде қылмыстық белгі бар екендігін дәлелдейтін үкімінің немесе тергеу органдарының қаулысының көшірмесі. Коллективтік /бригадалық/ материалдық жауаптылық жағдайында да бұл туралы шартты және бригада мүшелерінің зиянды өтеу жөнінде жазба есебін сұратып алу қажет;

в/ балаларды тәрбиелеуге ата-ананың біреуіне алып беру немесе баланы қайтарып беру ісіне - балалардың тууы туралы куәлік көшірмесі, балаларды тәрбиелеуге талаптанған ата-аналардың тұрғын үй талабының мәні туралы қорытындысы, ата-аналардың балаларға деген қарым-қатынасын сипаттайтын

басқа да жазба деректер /халық сотының, жолдастық соттың, ата-аналық комитетінің, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның және т.б. шешімдерінің көшірмелері/, сондай-ақ ата-аналардың жұмыс орындағы және тұрған жеріндегі тәртібі;

г/

ЕСКЕРТУ. 14-тармағы өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1998.05.15.

№ 5 қаулысымен. P98005s_

15. Сотта істі қарауға әзірлегенде судья іске қатысатын адамдардың пікірін ескере отырып экспертиза /сарап/ тағайындау мәселесін шешуге праволы. Экспертиза тағайындағанда АІЖК-інің 73-76 статьяларының талабы ескеріліп, іске қатысатын адамдарға экспертiнiң алдына қорытынды берiлуге тиiс сұрақтарды қою правосын түсiндiруi қажет.

АІЖК-інің 73 ст. сәйкес экспертiзаның шешуiне ғылым, көркем-өнер, техника және қолөнер кәсiбi салаларынан тек арнайы мағлұматтар қажет ететiн сұрақтарды қою керек. Экспертiзаның шешуiне сот қызметi бабымен шешiлуге жататын сұрақтарды қоюға болмайды, мысалы АІЖК-інің 29 тарауына сәйкес азаматтың әрекет қабiлеттiлiгi туралы сұрақты сот шешедi, сот-психиатрия экспертiзасы оның тек ауруының түр-сипатына ғана қорытынды бередi.

16. Судья даудың түр-сипатына қарай сотта істі қарауға әрекет жасағанда тараптардан және іске қатысатын басқа адамдардан /АІЖК-інің 19 ст./ егер бұл адамдар ауруға, басқа елді мекенде тұруына байланысты немесе қандай-да болса басқа себептермен өзі сотқа келе алмайтын болса олардан іске маңызы бар фактілер туралы жазба түсініктемелер сұратып алуға праволы.

Бірақ, жазба түсініктеме беруден бас тарту немесе олардың белгіленген уақытта сотқа келіп түспеуі істі сотта қарауға тағайындауға кедергі болмайды.

17. АІЖК-інің 133 ст. сәйкес талаптың орындалуын қамтамасыз ету істің барлық жағдайында рұқсат етіледі, демек бұл процессуалдық әрекет сотта істі қарауға әзірлеу барысында да орын алуы мүмкін.

Талаптың орындалуын қамтамасыз ету туралы шешім іске қатысты адамдардың өтініші мен немесе судьяның инициативасымен қабылданады. Бұл мәселе жауапкерге және іске қатысатын басқа адамдарға хабарланбай шешіледі. Қабылданған шешім туралы судья ұйғарым шығарады.

Талаптың орындалуын қамтамасыз етуде мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ысырап қылумен, ұрлаумен және кем шығуымен келтірілген зиянның өтелуіне шара қолданылуына ерекше көңіл аудару қажет. Бұл жағдайда жауапкердің мүлкіне, ақшалай сомасына арест салуға шұғыл шаралар қолдану қажет, сондай-ақ АІЖК-інің 134 ст. көрсетілгендей талаптың орындалуын қамтамасыз ететін басқа да шараларды қолдану керек.

18. Өздеріне қажет дәлелдемелерді келтіру кейіннен мүмкін болмауы немесе қиынға соғатындығы негізбен қауіптенген адамдардың арызы бойынша судья дәлелдемелерді қамтамасыз етуге шаралар қолдануы керек. Бұл жағдайда ескерілетін жай дәлелдемелерді қамтамасыз ету шаралары тек сот арыз қабылданған соң ғана емес, тіпті іс басқа сотта болған жағдайда да дәлелдемелерді қамтамасыз ететін шараларды қолдануға болады, өйткені АІЖК-інің 56 және 57 ст. сәйкес дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арыз процессуалдық әрекет жасалуға тиісті сотқа беріледі. Бұл жағдайда протоколдар және басқа жинап алынған дәлелдемелер істі қарайтын сотқа жіберіледі.

19. Істі сотта қарау оның барлық қажетті әзірлеу әрекеттері орындалып

болғаннан кейін ғана тағайындалады. Бұнымен қатар судья істі соттың көшпелі мәжілісінде қарау орындылығы мәселесінде шешеді. Судья істі сотта қарауға тағайындағандығы туралы ұйғарым шығаруға тиісті /АІЖК-інің 143 ст./.

20. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот коллегиясы, облыстық және Алматы қалалық соттары істерді кассациялық ретінде және қадағалау ретінде қарағанда олардың сотта істі қарауға әзірлеуіне көңіл аударсын, АІЖК-інің 142 ст. талабын соттардың сөзсіз орындауы қамтамасыз етілсін.

Оқығандар:

Багарова Ж.

Қасымбеков Б.